

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 2019 ж. «23» 10 заңды
 тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
 № 56023-1910-14 куәлік
 Алғашқы тіркелген күні 2003 ж. «10» 06
 министерство юстиции республики казахстан
 произведена государственная перерегистрация
 юридического лица «23» 10 2019 г.
 свидетельство № 56023-1910-140
 Дата первичной регистрации «10» 06 2003 г.
 БЕМБИН 03064000369

Акционерлердің 26.08.2019 ж.
 жалпы жиналысының шешімімен
 Бекітілген
 № 43 хаттама

**“ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
 БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ”
 КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ**

1-бап

Жалпы ережелер

1.1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын, «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының құқық иегері болып табылады (01.07.2010 ж. № 56023-1910 – АҚ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік), ол акционерлердің 26.08.2019 ж. жиналысының шешімімен (№ 43 хаттама) «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта аталды. «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері оның мемлекеттік қайта тіркелу сәтінен бастап Қоғамға ауысады.

1.2. Қоғамның толық атауы:

қазақ тілінде: «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы,
орыс тілінде: Некоммерческое акционерное общество «Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева».

Қысқартылған атауы: қазақ тілінде – АЭЖБУ КеАҚ, орыс тілінде – НАО АУЭС.

1.3. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды және алынған таза табысты акционерлер арасында бөлуді көздемейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қоғам өз қызметін іске асыруға қаржы тарту мақсатында акциялар шығаруды іске асырады.

Қоғам акциялар бойынша дивидент төлемейді.

1.4. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; "Акционерлік қоғамдар туралы" 13.05.2003 ж. № 415-II Қазақстан Республикасының Заңы, "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 16.01.2001ж. № 142 Қазақстан Республикасының Заңы, "Білім туралы" 27.07.2007 ж. № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы және осы Жарғы мен басқа нормативтік актілер негізінде жүзеге асырады.

1.5. Мемлекет Қоғам міндеттері бойынша жауап бермейді. Қоғам мемлекет міндеттері бойынша жауап бермейді.

1.6. Қоғамның атқару органының мекен-жайы: 050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1.

1.7. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.8. Қоғамның айырым белгісі: арифметикалық прогрессия бойынша тізбектеліп кіші диаметрлі шеңберге кішірейетін, сыртқы шеңбері қалыңдау, ортасында радиоантеннаға стильденген қызыл түсті «А» және «Э» әріптері жазылған, сыртқы шеңбердің айналасына «Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» жазуы түскен көк түсті жеті шеңберден тұрады.

2-бап

Қызметтің мақсаттары мен түрлері

2.1. Қоғам қызметінің мазмұны мен мақсаттары (міндеттері) – жоғары дәрежелі кадрлар әлеуеті күштерін біріктіре отырып, мамандықтардың кең ауқымы бойынша кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға көмектесу және қолдау.

2.2. Қоғам қызметінің (функцияларының) түрлері:

2.2.1. Білім беру қызметтерін ұсыну:

- жоғары білімді мамандарды дайындау, қайта дайындау, олардың біліктілігін арттыру, екінші жоғары білім алатын мамандарды дайындау.
- ЖОО-дан кейінгі білімі бар жоғары біліктілікті кадрларды магистратура және докторантура арқылы дайындау;
- кәсіби орта білімді мамандарды дайындау, қайта дайындау және олардың біліктілігін көтеру;

- жұмысшы кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін көтеру;
- мектеп оқушылары мен жалпы және арнайы орта білім беру жүйесінің оқушыларын Қоғам жанындағы колледждерде, лицей - мектептерде және салалық сыныптарда дайындауға қатысу;

- білім беру, ғылым мен техника салаларында реформалау мен жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар жасау және семинарлар мен басқа да оқу-әдістемелік шараларды өткізу.

2.2.2. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-нұсқаулық, енгізушілік, ғылыми-өндірістік, ақпарат-ізденістік, анықтама-библиографиялық, консультациялық және сараптық-талдау жұмыстарын (қызметтерін) орындау.

2.2.3. Инжинирингтік, консалтингтік, бағалау қызметтерін көрсету. Техникалық және қаржылық сараптама жүргізу. Шаруашылық етуші субъектілердің қызметінің мониторингін ұйымдастыру.

2.2.4. Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетті басып шығару және тарату, телекөрілім, радиобағдарлама және баспа, оның ішінде мерзімдік баспа өнімдері түріндегі ақпараттық-баспа және жарнамалық қызмет.

2.2.5. Жобалау, құрылыс-монтаждық, іске қосу-баптау, өндірістік-технологиялық жұмыстарды орындау.

2.2.6. Телекоммуникация және байланыс саласында қызметтер көрсету (жылжымалы радиотелефон байланысы, жеке дара байланыс қызметі; деректер беру және телематикалық қызметтер).

2.2.7. Білім, ғылым және техника саласында шетелдің қатысуымен жобалар әзірлеу және іске асыру.

2.2.8. Теледидар арнасының компьютерлік ақпараттық-білімдік желісінің ғылыми-білім беру жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, WEB сайттар, мультимедиялық оқу көмекші құралдарын әзірлеу.

2.2.9. Компьютерлік техниканы, оқу-зертханалық стенділер мен қондырғыларды баптау, пайдалану және жөндеу; бағдарламалық өнімдерді, оқу-зертханалық стенділерді, қондырғыларды әзірлеу, көбейту және өткізу.

2.2.10. Академиялық бакалавр, магистр және доктор дәрежесін алу мақсатында шетелде оқуын жалғастыру үшін кандидаттарды іріктеуді және диагностикалауды ұйымдастыру, соның ішінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру.

2.2.11. Қоғамдық тамақтану, дәрігерлік және спорт-сауықтыру қызметтерін көрсету, жатақханаларда қызметкерлер мен студенттерге жалға тұратын бөлмелер беру.

2.2.12. Қоғам кәсіпкерлік қызметпен оның жарғысындағы мақсаттарына сәйкес келетін болса ғана, айналыса алады. Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің түрлері:

- шетелдік және еліміздегі білім беру, ғылым мен техниканың әр түрлі аспектілері бойынша делдалдық қызмет көрсету;

- ҒЗТҚЖ нәтижесінде жасалған тәжірибе-өнеркәсіптік үлгілер мен өнімдер партияларын шығару және өткізу, өнімдер мен қызметтердің сертификаттауын жүргізу;

- интеллектуалдық меншік нарығында делдалдық операциялар жүргізу, құқықтар алу және беру, патенттер, лицензиялар және "ноу-хау" сату және алу;

- бос тұрған бөлмелер мен жер учаскелерін уақытша жалға беру, жатақханалардағы тұрғын бөлмелерді коммерциялық жалға беру;

- маркетингтік және сервистік қызметтер, бұйымдар мен қызметтерді құжаттау және сертификаттау;

- өз қаржысы есебінен акциялар, облигациялар, басқа да құнды қағаздар сатып алу, депозиттік шоттар және салымдар ашу және олар бойынша кірістер (дивидендтер, пайыздар) алу;

- өз өнімдерінің өндірісімен, жұмыстарымен, қызметтерімен және оларды сатулармен тікелей байланысы жоқ, табыс келтіретін өткізуден тыс басқа операциялар жүргізу.

2.3. Білім беру үдерісінің мақсаттары және білім беру бағдарламаларын іске асыру тізбесі:

2.3.1. Білім беру үдерісінің мақсаты оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз үдерісі болып табылады.

2.3.2. Қоғам келесі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асырады:

- жоғары білім беру (Бакалавриат);
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура, докторантура);
- техникалық және кәсіби білім беру;
- қосымша білім беру.

2.4. Білім беру қызметі: күндізгі, кешкі және сырттай оқу түрлері бойынша іске асырылады.

2.5. Егер қызметті іске асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат) қажет болса, онда Қоғам қызметінің бұл түрін тек тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін ғана іске асырады.

2.6. Қоғам өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мемлекеттік құпия құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік құпия құрайтын мәліметтерді пайдалану жұмыстарының көлеміне қарай, атқарылатын жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін нормативтік құжаттарға сәйкес Қоғамда қызметін ректор анықтайтын мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша құрылымдық бөлімше құрылады. Мемлекеттік құпияны қорғау Қоғам қызметінің негізгі түрі болып табылады.

3-бап

Құқықтық мәртебе

3.1. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады.

3.2. Қоғам Қазақстан Республикасы және одан тыс жерлерде есептік, валюталық және басқа есепшоттар аша алады.

3.3. Қоғамның дербес балансы бар және өз қызметін толық шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландыру және өз шығынын өзі өтеу негізінде атқарады.

3.4. Қоғам өз акционерлері мүлкінен дараланған мүлікке ие болады және олардың міндеттері бойынша жауапты болмайды. Қоғам өз міндеттері бойынша барлық өзіне меншікті мүлікпен жауапты болады. Акционерлер Қоғам міндеттері бойынша жауапты болмайды және өз акциялары құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар болу қаупінен босатылмайды.

3.5. Қоғамның қазақ және орыс тілдеріндегі атауы көрсетілген дөңгелек мөрі, мөртабаны бар. Қоғамның өз тауарлық белгісі және ерекшелік нышаны бар. Қоғам бланкісінде Қоғам атауы және Қоғамның айырмалық белгісі көрсетіледі.

3.6. Қоғам құрылу мақсатын және қызмет түрлерін іске асыру мүддесінде келесі құқықтарға ие болады:

- өз атынан шарттарға отыру, мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болу, міндеттер алу, сотта жауапты және қуынушы болу;

- өз қызметі үшін қажетті кез келген түрдегі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті Қазақстан Республика аумағында, сондай-ақ шетелден сатып алу, иеліктен шығару, пайдалануға ұсыну немесе алу;

- оқу-ғылыми үдерістердің шаруашылық есептік қатынастарын жетілдіру, қауымдасу, шоғырландыру, мамандандыру, құрамдастыру немесе кеңейту талаптарына жауап беретін өзінің ұйымдық дамуының жаңа түрлерін іздестіру және жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелдерде, әр түрлі ірі және басқа мәмілелер мен басқадай заңды актілер, соның ішінде сатып алу-сату, айырбастау, мердігерлік, несие, тасымалдау, сақтандыру және басқа операциялар түрлерін жүргізу, әріптестер мен жеткізушілерді еркін таңдау, Қоғам қызметінің мақсаты мен мазмұнына қайшы келмейтін сыртқы экономикалық байланыс түрлерін дамыту;

- басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы немесе қатысушысы болу;

- өзінің ішкі ұйымдық құрылымын анықтау;

- экономикалық нормативтерді, ішкі және құрылым аралық құжат айналымын анықтау.

3.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар құруға және өкілдіктер ашуға құқылы. Филиалдар мен өкілдіктер Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде әрекет етеді.

3.8. Қоғам саяси қызметтің кез келген түрлері мен нұсқаларынан қалыс қалады және саяси партиялар мен діни бірлестіктердің өз қызметіне араласуына жол бермейді.

3.9. Қоғамда саяси партиялардың, діни ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің идеяларын насихаттауға жол берілмейді.

3.10. Қоғамда саяси партиялардың, қоғамдық-саяси, діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және қызмет істеуіне жол берілмейді.

4-бап

Шаруашылық, экономикалық және әлеуметтік қызмет

4.1. Қоғамның мүлкін қалыптастыру және іс-әрекетті қаржыландыру көздеріне мыналар жатады:

- құрылтайшылардың қоғамға берген мүлкі;
- акциялар шығарудан түскен ақша;
- оқу-білімдік, ғылыми, әдістемелік, өндірістік-шаруашылықтық және басқа қызметтен түскен табыстар;
- өтелімдік аударымдар;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтеусіз және қайырымдылық жарналары;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздер.

4.2. Қоғам қарсы агенттермен жасалған шарттар негізінде өз қызметін жоспарлайды және даму келешегін белгілейді.

4.3. Мемлекеттік тапсырыс бойынша Қоғамның білім беру қызметін қаржыландыру бір студент есебінде белгіленген жылда тағайындалатын норматив негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен немесе мемлекеттік басқарудың басқа өкілетті органымен іске асырылады.

4.4. Қоғам қажет жағдайда қолданыстағы заңнаманы сақтай отырып, банктер мен фирмалардан коммерциялық, шарттық негізде алынатын несиелерді пайдаланады.

4.5. Қоғам жедел басқару құқығы аясында қолданыстағы заңнамада белгіленген шектерде оған басқаруға берілген мүлікке ие болу, пайдалану және өкімдік етуді іске асырады.

4.6. Қоғамның коммерциялық емес ұйым болып табылуына байланысты, оның таза табысы Қоғамды дамытуға және қызметкерлер мен студенттер үшін қажетті жағдайлар жасауға пайдаланылады.

5-бап

Бақылау, есеп және есептілік

5.1. Қоғамның жедел қаржылық есебі және есептілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Есеп саясатына сәйкес іске асырылады.

5.2. Қоғамның қаржы қызметінің нәтижелері жылдық бухгалтерлік есеп негізінде белгіленеді. Ректорат жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін өткен жылдың жылдық қаржылық есебін береді. Жылдық қаржылық есеп Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының өту күнінен кешіктірілмей 30 күн бұрын өтетін Директорлар кеңесінің алдын-ала бекітуінен өтуі тиіс.

5.3. Жылдық қаржылық есеп Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілігі туралы заңнамасына және Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жасалады. Қоғам жылдық қаржы есебінің аудитін жүргізеді.

5.4. Қоғамның балансынан өндіріп алуға тиімсіз берешекті, тауар- материалдық құндылықтардың жетіспеуі мен шығындарын, моралдық көнерген және одан әрі

пайдалану үшін жарамсыз жабдықты, тозығы жеткен құрылыстарды, сондай-ақ тоқтатылған жұмыстарды есептен шығару бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес шығарылады.

5.5. Қоғам жылдық қаржылық есептілігін жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

6-бап

Қоғамның жарғылық капиталы

6.1. Қоғамның жарғылық капиталы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес белгіленген құрылтайшылардың акцияларын өздерінің номинал құны бойынша төлеуі және инвесторларға оларды орналастыру бағасы бойынша сату арқылы қалыптасады.

6.2. Қоғамның жарғылық капиталын көбейту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы іске асырылады.

7-бап

Қоғамның акциялары

7.1. Акция - Қоғамды басқаруға қатысуды, Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бөлігін алу құқықтарын куәландыратын Қоғам шығаратын құнды қағаз.

7.2. Қоғам құжатсыз түрдегі жай акциялар шығарады. Жай акция оған ие болатын әрбір акционерге бірдей құқықтар көлемін береді.

Акция бөлінбейді. Егер акцияны бірнеше тұлғалар алған болса, олардың бәрі Қоғамға қатысы бойынша бір акционер болып табылады және өз құқықтарын ортақ өкілдік арқылы іске асырады.

7.3. Қоғам акционерге оған тиесілі Қоғам акцияларын сатуға кедергі жасауға құқығы жоқ. Қоғам акцияларын сатқысы келетін акционерге ұсынылған бағасынан артатын баға бойынша Қоғамның өзі немесе үшінші тұлғалардың оларды сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Қоғам акциялары мен мәмілелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.4. Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен Директорлар кеңесінің шешімі негізінде орналастырылған акцияларды одан әрі сату мақсатында сатып алу жүргізілуі мүмкін.

7.5. Жарияланған акцияларды немесе ертерек сатып алынған акцияларды орналастыру ойы бар Қоғам оларды сатуға дейін Директорлар кеңесі белгілеген баға бойынша тең шарттар негізінде акцияларды өз акционерлерінің сатып алуына ұсынысты 30 күн сатудан бұрын жазбаша мәлімдеуге немесе бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауға міндетті.

8-бап

Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

8.1. Қоғам акционері:

1) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына және Қоғамның Жарғысында қаралған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғам қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

3) Тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншіктік құқын бекітетін көшірмелер алуға;

4) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін акционерлердің жалпы жиналысына үміткерлер ұсынуға;

5) Қоғамдық органдармен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

6) Қоғамға оның қызметі жайлы жазбаша сұраныс түсіруге және оған сұраныс түскен күннен отыз күннен әрі емес мерзімде уәжді жауаптар алуға;

7) Қоғам жойылған жағдайда мүлік бөлігін алуға;

8) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте Қоғамның оның акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе

басқа құнды қағаздарын, заңнамалық актілерде қаралғаннан басқа жағдайларда, басымдылықпен сатып алуға құқы бар.

8.2. Сондай-ақ ірі акционердің мынандай құқықтары бар:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруын талап ету және Директорлар кеңесінің жалпы жиналысты шақыру туралы бас тартуы жағдайында оны шақыру туралы сотқа шағынуға;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесін шақыруды талап етуге;

4) Аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитын өткізуді өз есебінен талап етуге;

8.3 Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғамның Жарғысымен акционерлердің басқа да құқықтары қаралуы мүмкін.

8.4. Қоғамның басқару органдарының акционерлердің құқықтарын шектейтін шешімдері жарамсыз.

8.5. Қоғам акционерінің міндеті:

1) акцияларды төлеу;

2) қоғамның акцияларын ұстаушылардың тіркеуін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеушіні және атаулы ұстаушыны он күн ішінде хабардар ету;

3) қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиясын құрайтын қызметі жайлы ақпараттарды таратпау;

4) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді атқару.

8.6. Қоғам және тіркеуші осы баптың 8.5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционер орындамаған салдары үшін жауапты болмайды.

9-бап

Қоғам органдары

9.1. Қоғамның басқару органдары мыналар болып табылады:

- Ең жоғарғы органы - акционерлердің жалпы жиналысы,
- Басқару органы - директорлар кеңесі,
- Атқарушы органы – Ректорат,
- Ғылыми кеңес.

Қоғам қажет жағдайда басқа да органдар құра алады.

10-бап

Акционерлердің жалпы жиналысы

10.1. Қоғамды басқарудың ең жоғарғы органы акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жылма-жыл акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі, өткен қаржы жылының таза табысын бөлу тәртібі анықталады, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдау қаралады.

10.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылының аяқталуынан бастап бес ай мерзім ішінде өткізілуі тиіс.

Есептік кезеңде Қоғамның аудитын аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға дейін ұзартылды деп саналады.

11-бап

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреті

11.1 Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер және толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ ондағы өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 5) қоғамның құнды қағаздарының айырбастау жағдайлары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;
- 6) есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар төлемінің мөлшерін және шарттарын белгілеу;
- 8) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жыл сайын есебін тыңдау.
- 9) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 10) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 11) есептік қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
- 12) Қоғамға жататын барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру жолымен басқа заңды тұлғалардың қызметіне немесе құрылуына Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау;
- 14) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау түрін анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жайлы шешім қабылдау;
- 15) бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамның акцияларды сатып алуында олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
- 16) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 18) “Алтын акцияларды” енгізу және жою.
- 19) Қоғаммен ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау, ол Қоғаммен мүлікті иеліктен шығару (шығарылуы мүмкін), оның құны мәміле туралы шешімді қабылдау күніне, Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің елу және одан аса пайыздарын құрайды, соның нәтижесінде елу және одан аса пайызда иеліктен шығарылады.

11.2. Осы баптың 11.1- тармағының 1), 2), 3) т. қаралған мәселелер бойынша шешім Қоғамның дауыс беруші акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын қалған мәселелер бойынша шешімдер дауыс беруге қатысушы, дауыс беруші акциялардың жай көпшілігімен қабылданады.

11.3. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер Жарғымен басқадай белгіленген болмаса, Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарымен кез келген шешімін бұзуға құқы бар.

12-бап

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және даярлау тәртібі

12.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады.

12.2 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамалары бойынша шақырылады.

Еркін жойылу процесінде тұрған Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, даярлануы және өткізілуі мүмкін.

12.3 Акционерлердің жалпы жиналысын даярлау және өткізу:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) онымен жасалған шартқа сәйкес қоғам тіркеушісімен;
- 3) Директорлар кеңесімен;
- 4) Қоғамды тарату комиссиясымен іске асырылады.

12.4 Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, даярлау және өткізу бойынша шығындарды, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

12.5 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлер тізімін Қоғамның акция ұстаушылары тізіміндегі мәліметтер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылдаған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлер тізіміне енетін мәліметтер өкілетті органмен анықталады.

12.6 Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген тұлға тізім жасалғаннан кейін өзіне жататын дауыс беруші акцияларын иелігінен шығарған болса, онда акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акциялардың меншіктілік құқын растайтын құжаттар түсірілуі қажет.

12.7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың ең көп санының қатысу мүмкіндігі бар уақыт пен күнге белгіленуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы орган орналасқан мекенжайда өткізілуі тиіс.

12.8. Қоғамның есептеу комиссиясы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақытын және жиналысты өткізу уақытын, тіркеуді жүргізу, жиналысқа қатысушылар санын санау және оның жиналымын анықтаудың жеткілікті уақытын қамтамасыз етуі қажет.

12.9. Өткелі тұрған жалпы жиналыстың күні туралы хабар акционерлерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында, кемі қырық бес күнтізбелік күн бұрын кешіктірілмей берілуі қажет.

12.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және (немесе) акционерге жазбаша хат арқылы мәлімделуі қажет.

12.11. Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарында:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және мекені;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ, егер өткізілуі тиіс бірінші жиналыс өткізілмей қалған болса, онда Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдармен қоғам акционерлерінің таныстыру тәртібі мазмұнын құрауы қажет.
- 7) жиналысты өткізу тәртібі
- 8) сырттай дауыс беруді және сырттай дауыс беру үшін рәсімдердің жүргізудің тәртібі;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің жиналысты жүргізуге сәйкес нормалары.

12.12 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік дауысымен іске асырылады.

12.13 Күн тәртібіне, егер өзгерістер енгізу туралы акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) Қоғамның дауыс беруші акцияларының жиынтығында ең кемі тоқсан бес пайызға ие болушылар дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін сырттай дауыс беру арқылы қабылдауда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгеруіне және (немесе) толықтырылуына жол берілмейді.

12.14 Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқықты емес.

13-бап

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі

13.1 Акционерлердің жалпы жиналысы, егер онда елу пайыз және одан көп акцияларға ие барлық акционерлер немесе олардың өкілдерінің елу пайыздан кем емесі қатысса, өз құқықтық күшінде болады.

13.2. Жалпы жиналысқа акционерлер немесе жиналыс хаттамасына қосымша тіркелетін нотариалды куәландырған сенімхат бойынша олардың өкілдері қатыса алады.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) жиналымды анықтауда есепке алынбайды және дауыс беруге қатысу құқығы болмайды.

13.3 Жалпы жиналыс болмай қалған жағдайда қайта өткізілетін жиналыс, егер жиынтығында, қырық және одан көп пайыз акцияларына ие акционер (және олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс берушілер тіркелген болса, ол құқықтық күшінде болады.

13.4 Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің таңдауын жүргізеді: ашық немесе жабық (бюллетеньдер бойынша) түрде, төраға және хатшы сайлау. Бұл мәселелер бойынша шешім қатысушы акционерлердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады (1акционер -1дауыс). Акционерлердің жалпы жиналысында ректорат мүшелері төрағалық ете алмайды.

13.5 Жалпы жиналыста әр акционер өзінің дауыс беруші акцияларының санына тең дауыс санына ие болады.

Директор кеңесін сайлау кумулятивтік (жиынтық) дауыс берумен іске асырылады.

Жалпы жиналысты өткізу тәртібі бойынша дауыс беруде әр акционер бір дауысқа ие болады.

13.6 Жалпы жиналыста жасырын дауыс беруде әрбір жеке мәселе бойынша бюллетеньдер көзбе-көз тәртіпте жасалады, жасырын дауыс үшін бюллетень:

1) күн тәртібіндегі мәселенің тұжырымын немесе оның реттік нөмірін;

2) мәселе бойынша дауыс берудің "қостаймын", "қарсымын", "қалыспын" сөздерімен мағыналанған нұсқалары немесе қоғам органдарына әрбір кандидат бойынша нұсқалар мазмұны болуы қажет.

13.7. Ашық дауыс беру үшін акционер бюллетеньге қол қоймайды. Көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетеньдері бойынша дауыстарды санауда бюллетеньде анықталған және дауыс берудің мүмкін варианттарының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

13.8. Акционерлер саны жүз және одан көпті құрайтын Қоғамның дауысын санауды акционерлердің жиналысымен сайланатын есептеу комиссиясы іске асырады.

Акционерлер саны жүзден кем Қоғамда есептік комиссияның қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы іске асырады. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында есептеу комиссияның қызметін қоғамның тіркеушісі іске асырады.

13.9. Есептеу комиссиясы кемі үш адамнан болуы керек. Есептеу комиссиясына оның алқалық органдарының мүшелері кірмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу уақытында есептеу комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, жиналыстың өткізу уақытына қосымша есептеу комиссиясының мүшесін сайлауға рұқсат етіледі.

13.10. Есептеу комиссиясы:

1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттілігін тексереді;

2) акционерлердің жалпы жиналысының қатысушыларын тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің нақтылығын анықтайды және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты бюллетеньдер санын және оларда көрсетілген дауыстарды есептейді;

4) акционерлердің жалпы жиналысының, соның ішінде жиналысты өткізудің барлық уақыты ішінде жиналым (кворум) болуын анықтайды және жиналымның болуы немесе болмауы туралы хабарлайды;

5) акционерлердің жалпы жиналысында акционерлер құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындысын шығарады;

7) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы және дауыс беру бюллетеньдерін Қоғамның мұрағатына түсіреді;

9) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

13.11. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысуға келгендердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе жалпы жиналыс мәжілісін өткізбей жүргізілуі мүмкін.

13.12. Сырттай дауыс беруді өткізуде дауыс беру тәртібін түсіндіретін мазмұнды бюллетеньдердің бірегей түрлері пайдалануы қажет.

13.13. Сырттай дауыс беру түрінде қабылданатын шешімдер акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажет жиналым сақталғанда, күшінде болып табылады.

13.14. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі үш күн ішінде хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға жалпы жиналыстың төрағасы (призидиум мүшелері) және хатшысы, жалпы жиналысқа қатысқан есептеу комиссиясының мүшелері, ірі акционерлер қол қояды. Хаттама мазмұнымен ірі акционердің келіспеген жағдайында, ол жиналыстың хаттамасына қоса тіркелетін қол қоюдан бас тартуының себебін жазбаша түсіндіріп, қол қоймауына болады. Дауыс беруге қойылған мәселе бойынша акционердің өзінің ерекше пікірі болса, онда хатшы хаттамаға сәйкес жазу енгізуге міндетті. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына тіркеледі.

13.15. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі, егер мұндай шешім заңнамаға және Қоғам жарғысына қайшы болса, сотта қарсылық білдірілуі мүмкін.

13.16. Әрбір акционер жиналыс хаттамасын немесе одан көшірме алуға құқықты.

14-бап

Директорлар кеңесі

14.1. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді шешуден басқа, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты іске асырады.

14.2. Директорлар кеңесінің жұмысын директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен директорлар кеңесінің мүшелерінің санынан жасырын дауыс беру арқылы сайланатын оның төрағасы ұйымдастырады.

14.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғам акцияларын жарияланған акциялардың санының шегінде орналастыру және оларды орналастырудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- 6) Қоғам облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 7) атқарушы орган-ректораттың сандық құрамын, өкілетті мерзімін анықтау, оның басшысын (ректорын) және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату. Ректорат сандық құрамын анықтауда, сондай-ақ ректорат мүшелерін сайлауда директорлар кеңесі ғылыми кеңеспен бекітілген Қоғам құрылымына негізделуі тиіс;
- 8) атқарушы орган-ректораттың басшысының (ректордың) және мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбек төлемі жағдайлары мен сыйақылауын анықтау;
- 9) аудиттік ұйымның, сондай-ақ қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтер төлемінің мөлшерін анықтау;
- 10) ішкі аудиттің сандық құрамын, қызмет өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбек төлемінің шарттары мен мөлшерін және ішкі аудит қызметкерлерін сыйақылауын анықтау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын, марапаттау шарттарын белгілеу;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін тәртіптейтін құжаттарын (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган-ректоратпен қабылданатын құжаттардан басқа) бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа ұйымдарын құру және оның қызметіне қатысу туралы шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның меншіктік капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға оның міндеттемелерін арттыру;
- 16) Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Қоғамның тіркеушісін сайлау;
- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиясын құрайтын ақпаратты анықтау;
- 18) Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау, ірі мәмілелерді қоспағанда жасау туралы шешім ол Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданады;
- 19) Қолданыстағы заңнамада және осы жарғыда қаралған акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

14.4. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер ректоратқа шешу үшін берілмейді.

14.5. Директорлар кеңесі Қоғамның осы Жарғысына сәйкес ректораттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқықты емес.

14.6. Директорлар кеңесінің мүшесі акционер саны ішінен акционерлердің мүддесін ұстанатын жеке тұлғалар, сондай-ақ акционерлер болып табылмайтын және де акционерлер мүддесін ұстанбайтын басқа да тұлғалар болуы мүмкін. Басқа тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамының 50 пайызынан аспауы қажет.

Директорлар кеңесінің саны үш адамнан кем болмауы керек. Қоғамның Директорлар кеңесінің санының мүшесінің кемі үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы қажет.

14.7. Директорлар кеңесіне ректордан басқа ректорат мүшелері сайлана алмайды. Ректор Директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды.

14.8. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының бастамасы немесе ректораттың бастамасы немесе :

- Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің,
- Қоғам аудитін іске асырушы аудиттік ұйымның;
- ірі акционердің

. Қоғамның ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап ұсынылатын күн тәртібі көрсетіліп, жазбаша түрде жіберілуі қажет. Директорлар кеңесінің мәжілісі, шақыру туралы талап түскен күннен, 10 күннен кешіктірмей шақырылуы қажет.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс күніне дейін үш күннен кешіктірмей күн тәртібіндегі материалдармен жазбаша мәлімдеме жолданады.

Директорлар кеңесінің жоспарлы және кезектен тыс отырысын өткізу формасы мен уақыты, күні, өтетін орны, уақыты туралы отырысты шақыру бастамашысы және шешім қабылдауға қажетті материалдар қоса берілген, отырыстың күн тәртібі көрсетілген жазбаша хабарлама жеке қолы қойылған Корпоративті хатшыға тапсырылады немесе отырысты өткізу күніне дейін үш күн бұрын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне факсимилді немесе электронды байланыс арқылы, сондай-ақ пошта бойынша жіберіледі. Қоғамның коммерциялық және басқа да құпиялары мазмұндалған материалдар факсимилді немесе электронды байланыс арқылы жіберілмейді.

Директорлар кеңесінің отырысы жеке Директорлар кеңесінің мүшелерінің қатысуымен өткізіледі, сондай-ақ бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц байланыс (телефондық мәжіліс режимінде Директорлар кеңесінің біруақытта сөйлесуі), сондай-ақ отырысқа қатысушыларға бір бірімен сөйлесуге және тыңдауға мүмкіндік тудыратын басқа да байланыс құралын пайдалануға болады. Осындай бейнеде қатысушы тұлға отырысқа қатысқан және Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумға есеп беруге құқығы бар болып саналады.

Директорлар кеңесінің отырысы, егер онда оның мүшелерінің жартысынан кем емесі қатысса, онда құқықтық күші бар болып саналады. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беруде бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстың теңдігі жағдайында төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

14.10. Директорлар кеңесінің шешімдері үш күн ішінде хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға мәжіліс төрағасы және хатшысы қол қояды.

15-бап

Қоғамның ректораты

15.1. Қоғамның атқарушы органы ректорат болып табылады, ректоратты ректор басқарады.

15.2. Ректорат Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды іске асырады, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

15.3. Ректорат қолданыстағы заңнамамен және Қоғам Жарғысымен басқа органдардың және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқықты.

Қоғам ректораттың Қоғам белгілеген шектеулерін бұзып жасаған мәмілелерінің нақтылығын, егер мәміле жасалған сәтте тараптардың бұл шектеулер туралы білгенін дәлелдей алса, даулауға құқықты.

15.4. Ректорат мүшелері - акционерлер, сондай-ақ қоғамның акционер емес қызметкерлері де бола алады.

Атқарушы органның мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқықты.

15.5. Ректорат мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ Қоғамның аталған тұлғасымен жасалатын Еңбек шартымен анықталады. Атқарушы органның басшысымен Қоғам атынан жасаған Еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Директорлар кеңесімен уәкілеттелген тұлға қол қояды. Ректораттың қалған мүшелерімен жасалған Еңбек шарттарына ректор қол қояды.

15.6. Ректорат өз мәжілісін кемі екі айда бір рет өткізеді. Егер мәжіліске ректорат мүшелерінің жалпы санының кемі үштен екісі қатысса, онда мәжіліс құқықтық күшінде болады. Мәжілісті Ректор өзі болмаған жағдайда, ректор уәкілеттілігін уақытша берген проректорлардың бірі өткізеді.

15.7. Ректорат көпшілік дауыспен шешім қабылдайды (50 пайыз + бір дауыс). Дауыстардың теңдігі жағдайында, ректордың даусы шешуші болып табылады. Ректорат мүшелерінің дауыс беруі ашық немесе жабық болуы мүмкін, бұл арнайы ескертілгеннен басқа жағдайларда, ректораттың шешімімен анықталады.

16-бап

Ректордың өкілеттігі

16.1. Ректор:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарында Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарында Қоғамның өкілдік құқына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (ректорат мүшелері болып табылатын қызметкерлерден басқасын) жұмысқа алады, ауыстырады және шығарады, оларға марапаттау шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тартқызады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларға дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді, ректорат құрамына кіретін қызметкерлерден басқа Қоғам қызметкерлерінің сыйақылар мөлшерін анықтайды;

5) Қоғамдағы жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және осы жұмыстың тиімділігіне дербес жауап береді;

6) Өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды ректорат мүшелерінің біріне жүктейді;

7) ректорат мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктері мен жауапкершілік саласын бөледі;

8) өз өкілеттіктері шегінде барлық қызметкерлер мен оқушылар үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер, жарлықтар және басқа басқарушы құжаттар шығарады, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

9) Акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен және Қоғам жарғысымен белгіленген басқа да қызметтерді іске асырады.

16-1-бап

Президент

16-1.1. Қоғам Президенті

- Қоғам қызметінің стратегиялық жоспарлауын жүзеге асырады;
- Білім берудің сапасын арттыру және халықаралық тану мақсатында шетелдің ЖОО ынтымақтастықты ұйымдастырады;

- халықаралық бағдарламаларға қатысу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

- ғылым және академиялық ұтқырлық саласында ынтымақтасу мақсатында шетелдің жоғары оқу орындарының өкілдерімен келіссөздер жүргізу кезінде Қоғамның мүддесін ұсынады;

- шетелдік мұғалімдерді тартуды жүзеге асырады;

- Қоғамның оқу, ғылым, тәрбие, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіндегі мәселелерді шешуге қатысады;

- өз қызметінің нәтижесі туралы директорлар кеңесінің алдында мерзімді есеп береді.

16-1.2. Президенттің қызметі Қоғамды басқарудың тиімділігін арттыруға, Қоғамды дамытуға ықпал етуге, өкілеттік міндеттерді кеңейтуге бағытталған.

16.-1.3. Президент Қоғамның Директорлар кеңесімен тағайындалады, сондай-ақ атқарып отырған лауазымынан босатылады.

17- бап

Ғылыми кеңес

17.1. Ғылыми кеңестің құрамына: төраға болып саналатын ректор, президент, проректорлар, институт директорлары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелер басшылары, оқытушылар мен қызметкерлер, сондай-ақ қызметкерлер мен білім алушылардың кәсіподақ ұйымынан бір-бірден өкіл енеді. Ғылыми кеңестің құрамының кемі 50 % Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жалпы жиналыстарында ашық немесе жасырын дауыспен сайланады.

17.2. Ғылыми кеңестің сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін анықтауды ректор белгілейді. Кеңестің дербес құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Определение количественного состава и срока полномочий Ученого совета производится ректором. Персональный состав Ученого совета утверждается приказом ректора.

17.3. Ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде келесі қызметтерді іске асырады:

- оқу, әдістемелік, тәрбие және ғылыми қызмет мәселелерін қарайды;
- оқу-зертханалық базаның дамуының келешектік жоспарын қарайды;
- профессор-оқытушы және ғылыми құрамға ғылыми және академиялық атақтар беру мәселелерін қарастырады;
- Қоғамның құрылымын бекітеді.

17.4. Ғылыми кеңес кемі екі айда бір рет жиналады. Ғылыми кеңестің шешімі, егер оның мәжілістерінде құрамның 2/3 қатысса, күшінде болады. Шешімдер ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен қабылданады. Ғылыми кеңестің шешімдері ректор бекіткеннен кейін күшіне енеді.

18-бап

Оқушыларды, студенттерді, магистранттарды, докторанттарды қабылдау және оқу барысын ұйымдастыру

18.1. Қоғам азаматтарды әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін азаматтығына тәуелсіз жеке және заңды тұлғалармен оқу шығындарын толық орнын толтырудың тікелей шарттары бойынша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің немесе оқу жүйесін мемлекеттік басқарудың басқа бір өкілетті органының тапсырысы бойынша қабылдайды.

18.2. Ректорат жыл сайын оқу шығындарының толық орнын толтыру Шарттары бойынша әртүрлі кәсіптік оқу бағдарламаларына қабылдаудың көлемі мен құрылымын анықтайды.

18.3. Мемлекеттік тапсырыс бойынша әртүрлі кәсіптік оқу бағдарламаларына қабылдау көлемі мен құрылымы Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару уәкілетті органының тапсырысы және ректораттың шешімдері негізінде анықталады.

18.4. Білім алушыларды, студенттерді, магистранттар мен докторанттарды қабылдау Қоғамның қабылдау комиссиясы жыл сайын бекітетін қабылдау ережесі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдауды, түсу сынақтарын өткізуді және білім алушылар (оқушылар, бакалаврлар, магистранттар, докторанттар) қатарына тіркеуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы бір жыл өкілеттілік мерзімге құрылады.

18.5. Қоғам мен білім алушылардың, олардың ата-аналарының және басқа өкілдерінің өзара қарым-қатынасы білім беру қызметінің іске асырылуына байланысты білім беру қызметінде қызмет көрсету шарттарымен реттеледі.

18.6. Білім алушыларды (оқушылар, бакалаврлар, магистранттар, докторанттар) кәсіби оқу бағдарламасы бойынша оқыту мемлекеттік, орыс және әлем халқының басқа да тілдерінде өндірістен қол үзіп және қол үзбей кредиттік технология бойынша жүргізіледі.

18.7. Оқу жылының, академиялық кезеңдердің (семестрлер, тоқсандар, триместрлер) және демалыстар, білім алушылардың апталық оқу жүктемелерінің ұзақтығы оқу жоспары мен оқу процесінің кестесімен айқындалады. Білім алушылардың кәсіби оқу бағдарламаларының мазмұны тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары негізінде белгіленеді.

18.8. Білім алушылардың оқу жетістіктері балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаланады және бағаларды дәстүрлі шәкіліне аудару арқылы білім бақылауының пайызы көрсетіледі:

- «өте жақсы» «А» және «А-» әріптік жүйеге сәйкес келеді, сандық баламасында 4,0 және 3,67; пайызы – (95-100)% және (90-94)%;
- «жақсы» «В+» немесе 3,33 немесе (85-89)%; «В» немесе 3,0 немесе (80-84)%; «В-» немесе 2,67 немесе (75-79)%, «С+» немесе 2,33 немесе (70-74) % сәйкес келеді;
- «қанағаттанарлық» «С» немесе 2,0 немесе (65-69)%; «С-» немесе 1,67 немесе (60-64)%; «D+» немесе 1,33 немесе (55-59)%, «D-» немесе 1,0 немесе (50-54)%; сәйкес келеді;
- «қанағаттанғысыз» «F» немесе 0,5 немесе (25-49)%; «F» немесе 0 немесе (0-24) % сәйкес келеді.

Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы және шектік бақылау мен емтихандық бағадан тұрады. Пән бойынша білімнің қорытынды бағасында ағымдағы бақылау мен шектік аттестаттау бағасы (жіберу рейтинг бағасы) оның шамасының 60%-ын, ал аралық аттестаттау (емтихан) – 40%-ын құрауы қажет.

Білім бағдарламаларының бірі бойынша оқитын, оқу жоспарының талаптарын орындаған және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен азаматқа білімі және біліктілігі және (немесе) академиялық дәрежесі деңгейі туралы құжат беріледі.

18.9. Қоғамнан білім алушы келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) өз еркі бойынша;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) академиялық үлгермеушілігі, дәлелсіз себептер бойынша белгіленген мерзімде оқу жоспарын орындамағаны немесе мемлекеттік қорытынды аттестациядан қанағаттанарлықсыз баға алғаны үшін;
- 6) оқуды әрі қарай жалғастыру үшін басқа білім ұйымына ауысуына байланысты;
- 7) өліміне, сондай-ақ соттың шешімі бойынша іс-түссіз жоқ болуына, қаза табуына байланысты;
- 8) Қоғамның Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және Қоғамның жатаханада тұру ережесінде қарастырылған білім алушылардың міндеттерін бір рет өрескел бұзғаны үшін;
- 9) бұрын соңды бұзушыға тәртіптік ықпал ету шараларын қолданған шарттар кезінде Қоғамның Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және Қоғамның жатаханада тұру ережесінде қарастырылған міндеттерді жүйелі бұзғаны үшін;
- 10) соттың білім алушыны бас бостандығынан немесе оқуын жалғастыру мүмкіндігінен айыру сияқты басқа жазаларға тарту кесімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 11) оқу шартында қарастырылған шарттарды бұзғаны үшін;
- 12) Білім алушы Қоғамға түсуге және (немесе) оқуға байланысты жалған құжат немесе жалған мәліметтер ұсынған жағдайда;

13) Білім алушы Қоғамның іскерлік беделіне немесе мәртебесіне зиян тудыратын іс-әрекеттер жасаған жағдайда;

14) Академиялық демалыстан шықпауына байланысты;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған басқа да негіздер бойынша.

18.10. Білім алушыны оқудан шығару институт директорының ұсынысы бойынша Қоғам ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

18.11. Оқуға қайта қабылдау және ауыстыру білім беру саласындағы мемлекеттік органмен белгіленген білім алушыны ауыстыру және қайта қабылдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19-бап

Оқушылардың, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың, профессор-оқытушы құрамының және басқа қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері

19.1. Қоғам оқушыларының, студенттерінің, магистранттарының, докторанттарының және қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, осы Жарғыда қаралған басқа да жергілікті актілермен анықталады.

19.2. Қоғам оқушылары, студенттері, магистранттары, докторанттарының құқықтары:

- студенттік өмір мәселелерін шешуге қатысу;
- белгіленген тәртіпте бөлмелерді, кітапхана қызметтерін, оқу, ғылыми және басқа бөлімшелердің жабдығын пайдалану;
- оқу жоспары шеңберінде қаралған мамандығы бойынша кафедрамен және институт директорымен келісу бойынша оқытудың балама пәндерінің жиынтығын анықтау;
- қажет деңгейде сабақ беруді қамтамасыз етпейтін оқытушыларды ауыстыру туралы мәселе қою;

- ғылыми - зерттеу жұмысына қатысу;
- студенттік өмір мәселесін шешу үшін өзін-өзі басқару органдарын құру;
- қосымша ақылы білім беру қызметтерін алу;
- институт директорымен келісім бойынша оқудан бос уақытта кәсіпорындарда және кез келген ұйымдық- құқықтық түрдегі мекемелерде жұмыс істеу.

19.3. Оқушылар, бакалаврлар, магистранттар және докторанттар міндеттері:

- таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімдер, тәжірибелік дағдылар, зерттеудің қазіргі әдістерін, гуманитарлық және әлеуметтік- саяси ғылымдарды меңгеру;
- оқытудың сәйкесті оқу жоспарларында және бағдарламаларында қаралған тапсырмалардың барлық түрін белгіленген мерзімдерде орындау;
- жалпы мәдениетін, адамгершілігін және дене бітімін жетілдіріп отыруды арттыруға ұмтылу;

- академиялық адалдық ережесін сақтау;
- ішкі тәртіп ережелерін сақтау, келтірілген материалдық шығынды толтыру.

19.4. Оқушыларға, студенттерге және магистранттарға студенттік билет және сынақ кітапшасы беріледі.

19.5. Шеттен келген оқушылар, бакалаврлар, магистранттар және докторанттар Қоғам мүмкіндіктеріне сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

19.6. Оқу (жеке) жоспарының барлық талабын орындаған оқушылар, бакалаврлар, магистранттар, докторанттар қорытынды аттестаттауға жіберіледі және оның нәтижесі бойынша оларға жоғары білім мен біліктілік деңгейі және академиялық дәрежесі туралы құжат беру мәселесі шешіледі.

Оқу мен қоғамдық қызметте айтарлықтай жетістіктері бар оқушылар, бакалаврлар, магистранттар және докторанттар Құрмет Тақтасына ұсынылуы мүмкін. Ерекше аталған білім алушылар арнайы ережеге сәйкес "АЭЖБУ Оқу үздігі" белгісімен марапатталуы мүмкін.

19.7. Бакалавриат бітірушісіне оқудың барлық кезеңінде емтихандарды «өте жақсы, және «жақсы» бағаларына тапсырған және оқудың барлық кезеңінде үлгерімнің (GPA) кемі 3,5 орташа балл жинаған, бітіру жұмысын қорғаған және барлық мемлекеттік емтихандарды «өте жақсы» бағасымен тапсырған, сондай-ақ барлық оқу кезеңінде емтиханды қайта тапсырмаған немесе қайталап тапсырмаған жағдайда үздік дипломы беріледі.

19.8. Қоғам оқуды жақсы бітірген білім алушылардың, бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың жұмысқа орналасуына көмектеседі.

19.9. Жеке пәндер және қызметтің басқа түрлері бойынша күшейтілген даярлық бойынша қосымша оқу жоспарын орындаған студенттерге сәйкесті сертификаттар беріледі.

19.10. Білім алушыларды оқу үрдісімен байланысты емес жұмыстарға сабақ уақытында тартуға жол берілмейді.

19.11. Мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау бөлімдерінде оқитын тыңдаушылардың білімдік қызметтер алу бөлігіндегі құқықтық жағдайы оқытудың сәйкес түріндегі білім алушылар мәртебесіне сай келеді

19.12. Профессор-оқытушы және ғылыми құрамның міндеттері:

- педагогикалық және ғылыми процестің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ету;
- даярлаудың (мамандықтың) таңдалған бағыты бойынша оқушыларда кәсіби сапалар қалыптастыру;
- оқушыларда жоғары адамгершілік және азаматтық тұлға тәрбиелеу;
- оқушыларда, студенттерде, магистранттарда және докторанттарда дербестік, ынталылық, шығармашылық қабілеттер дамыту;
- келешек мамандардың жеке абыройын сыйлау, олардың мәдени және дене дамуына қамқорлық жасау;

- білім беру мазмұнының жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізу, оған студенттерді, магистранттарды, докторанттарды белсенді тарту;

- өз біліктілігін жүйелі түрде көтеріп отыру, тұрақты, кемі 5 жылда бір рет біліктілік көтерудің әр түрлі оқуларынан өту;

- осы Жарғыны және Ішкі тәртіп Ережелерін, еңбек қорғау, өндірістік талап тәртіптерін сақтау.

19.13. Профессор-оқытушы құрамының, ғылыми қызметкерлерінің, бөлімше басшыларының және басқа қызметкерлерді бос орындарға орналастыру Ректор бекіткен Ережеге сәйкес жүргізіледі.

19.14. Профессор-оқытушы құрамының еңбек төлемі жасалған еңбек шартына сәйкес жүргізіледі.

19.15. Қоғамның еңбек шартымен белгіленген жағдайларда ғылыми- зерттеу жұмыстарына қатысу, дәрістер оқу үшін басқа жоғары оқу орындарынан және жетекші ұйымдардан, соның ішінде шетелдік, мамандарды тартуға құқы бар.

19.16. Қоғамның барлық қызметкерлері оқу, ғылыми, әдістемелік және өндірістік қызметтің мәселелерін талқылауға қатысуға құқықты.

20-бап

Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі мен тізбесі

20.1. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар үшін тегін білім беру қызметін ұсынумен қатар, Қоғам «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметін көрсетеді.

20.2. Ақылы білім беру қызметін іске асыруға байланысты, Қоғам мен білім алушылардың, олардың ата-аналарының және заңды өкілдердің өзара қарым-қатынасы білім, оқу мерзімі, оқудың төлем мөлшері, басқа да қызметтердің деңгейін анықтайтын ақылы негізде білім беру қызметін көрсететін шарттармен реттеледі. Өз кезегінде ақылы қызметті іске асыруға байланысты, Қоғам мен жеке, заңды тұлғалардың өзара қарым-қатынасы ақылы негізде (жұмыс және қызмет) тауарларды ұсыну шартымен реттеледі.

20.3. Ақылы қызметті ұсыну тізбесі осы Жарғының 2- бабы 2.2.1. тармақпен белгіленеді.

21-бап

Білім беру мен тәрбие процесін ұйымдастыру

21.1. Қоғамда оқуды ұстау жоғары білімді, жоғары білімнен кейінгі білімді үлгілік оқу бағдарламаларымен, яғни білім алушылардың оқу жүктемесінің максималды көлемін, білім беру бағдарламасының негізгі мазмұнын, сондай-ақ мамандарды дайындау деңгейіне талаптарын айқындайтын, Мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттармен белгіленген талаптарды іске асыруға мүмкіндік беретін білім беру қызметінің жиынтығы болып табылады.

Қоғам үлгілік оқу бағдарламалары негізінде бұдан бұрынғы дайындықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, соның ішінде тұлғаларды жеке оқыту үшін жұмыс оқу жоспарларын және бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.

21.2. Қоғам басқа да оқу сабақтарының түрлерін жүргізуі мүмкін. Аудиторлық сабақтардың түрлері үшін ұзақтығы 50 минуттан кем емес академиялық сағат белгіленеді.

21.3. Оқу сабақтарын ұйымдастыру мақсатында академиялық ағындар мен топтар білім беру қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейінді мамандықтар мен тілдік бөлімшелермен жасалады.

21.4. Қоғам білім алушылардың білімдерін ағымдағы бақылауда нақты жүйені белгілеуге және байланыстыруға құқы бар.

21.5. Қоғам бірлескен оқу, ғылым, шығармашылық, өндірістік және білім алушылар мен оқытушылардың қоғамдық қызметінің іске асыратын жалпы адами құндылықтар мен ізгілік сипаттамалардан туындайтын тәрбиелік міндеттерді іске асырады.

22-бап

Ғылыми-педагогикалық кадрларды және мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру

22.1. Қоғам белгіленген тәртіпте түзету болатын мамандардың тізбесі бойынша мамандарды қайта даярлауды жүзеге асырады.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандардың қайта даярлау және біліктілігін арттыру арнайы курстарда, сондай-ақ басқа ЖОО мен алдыңғы кәсіпорындарға біліктілігін арттыру және тағылымдамадан өтуге жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандардың қайта даярлау және біліктілігін арттыру мемлекеттік тапсырыс бойынша, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен шарттық негізде жүзеге асырылады.

23-бап

Ғылыми қызмет

23.1. Ғылыми зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды (қызметтерді) орындау ғылыми - зерттеу зертханаларында, кафедралардың ғылыми топтарында жүргізіледі. Құрылымдық ғылыми бөлімшелер бекітілген жоспарларға немесе жасалған шарттарға сәйкес зерттеулердің орындалуының сапасы мен мерзімдерінің сақталуы үшін жауапкершілік алады.

23.2. Ғылыми қызметтің ең маңызды міндеттері мыналар:

- жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық ғылымдар бойынша іргелі зерттеулер жүргізу;
- нарықтық экономика дамуының көкейкесті міндеттерін шешу бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мақсатында ғылыми зерттеулер мен даярламалардың нәтижелерін іске асыруды жеделдету;
- еліміздегі жоғары білімді дамыту мен жетілдірудің ең маңызды ғылыми проблемаларын әзірлеуге қатысу;

- Қоғамның ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлауға қатысу, профессор-оқытушы құрамының біліктілігінің өсуіне ықпал ету;
- оқу барысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін белсенді пайдалану жолымен мамандарды даярлауға қатысу;
- жасалатын ғылым сыйымдылықты өнімді әлемдік нарыққа шығару мақсатында халықаралық ғылыми-техникалық қызметтестікті дамыту;
- ғылыми конференциялар, симпозиумдар өткізу;
- Қоғамның ғылыми қызметін ұйымдық, нормативтік-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық, метрологиялық және жарнама-көрмелік қамтамасыз ету;
- Қоғамның ғылыми және оқу қызметінде жасалатын зияткерлік меншік нысандарын, мүліктік құқықтарын құқықтық қорғау және сақтау;
- Қоғамға бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыларды тарту үшін экономикалық және ұйымдық шаралар әзірлеу және іске асыру.

23.3. Қоғам халықаралық ғылыми-техникалық қызметтестік саласында:

- халықаралық кафедралар, оқу-ғылыми орталықтар және зертханалар, ғылыми-техникалық парктер мен кәсіпорындар жасауға қатысады;
- бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізеді;
- халықаралық ғылыми-техникалық, бағдарламалар мен жобаларды дайындауға және орындауға қатысады;
- бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мамандармен алмасуды іске асырады;
- халықаралық ғылыми конференцияларды, симпозиумдарды және семинарларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады.

23.4. Қоғам ғылыми-техникалық өнім сұранысына байланысты өзінің ғылыми және ғылыми-өндірістік қызметін жоспарлайды. Қоғамның ғылыми бағыттары Ғылыми кеңеспен қалыптастырылады.

23.5. Қоғамдағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізудің ұйымдық қамтамасыз ету ережемен реттелетін қызметпен жүзеге асырылады.

23.6. Ғылыми жұмысты орындауға профессор-оқытушылар құрамы, оқу-көмекші қызметшілер, докторанттар, студенттер мен магистранттар тартылуы мүмкін.

Қоғамның ғылыми қызметкерлерінің қауіпсіздік шараларына жауап болатын, олардың жеке ерекшеліктеріне толығырақ сәйкес келетін және ғылыми процестің жоғарғы сапасын қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерді жүргізудің әдістері мен құралдарын тандау құқы бар.

23.7. Мамандар даярлау үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстар материалдық техникалық және парасаттылық база қамтамасыз ету мақсатында оқу барысымен тығыз байланыста жүргізіледі.

23.8. Қоғам:

- ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін;
- ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру үшін;
- зерттеу материалдарын жариялау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

24-бап

Жұмыс режимі және еңбек қатынастары

24.1. Қоғамның жұмыс режимі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес анықталады.

24.2. Қоғам еңбек шарттары, сондай-ақ Қоғамның қызметкермен еңбек қатынастарын реттейтін басқа формалар негізінде қызметшілердің кез келген санын жалдауды іске асыруға құқылы.

24.3. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қызметкерлерге ұсынуға кепілдік береді.

24.4. Әрбір қызметкердің еңбек табысы жұмысының соңғы нәтижелері ескеріліп, оның жеке еңбек үлесімен анықталады, үлкендік мөлшермен шектелмейді.

24.5. Қоғам қызметкерлердің еңбек ақысы жүйесін және түрлерін дербес анықтайды.

24.6. Қоғам қызметкерлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік, дәрігерлік сақтандыруға және әлеуметтік қамтамасыз етілуге жатады.

24.7. Қоғам барлық жұмыс істеушілерге қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндетті және қызметкерге жарақаттану немесе денсаулығына басқадай зақым келтірген жағдайда, зиян үшін қолданыстағы белгіленген заңнама тәртібінде жауапкершілік алады.

23-бап

Қоғамды қайта құру және тарату

25.1. Қоғамды қайта құру.

25.1.1. Қоғамды қайта құру (қосу, қосып алу, бөлу, бөліп шығару, қайта өзгерту) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

25.1.2. Қайта құрылған Қоғамның мүліктік құқықтары мен міндеттері қайта құрылған заңды тұлғаға: қосуда, қосып алуда және қайта өзгертуде - өткізу актісіне сәйкес, бөлінуде және бөлуде - бөліс балансына сәйкес ауысады.

Өткізу және бөліс балансында Қоғамның барлық несиегерлері мен борыштыларына қатысты, тараптардың дауласатын міндеттерін қоса отырып, қайта құрылған Қоғамның барлық міндеттері бойынша құқықтық мұрагерлігі туралы мазмұн құрайтын ережелер болуы қажет.

25.1.3. Өткізу актісі және бөліс балансы акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі және қайта пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу немесе құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу үшін құрылтай құжаттарымен бірге ұсынылады.

25.1.4. Қоғам мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап, қайта пайда болған ұйым (ұйымдар) болып есептеледі.

Қоғамды оған басқа бір ұйымды қосу жолымен қайта құруда, қосылған ұйымның заңды тұлғаларының қызметін тоқтату туралы жазбаның мемлекеттік тіркеуге енгізілген сәтінен бастап, Қоғам қайта құрылған болып есептеледі.

25.1.5. Жаңа Қоғамның Жарғысын бекіту және органдарын сайлау қайта пайда болған Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен іске асырылады.

25.2. Қоғамды қайта құру.

25.1.1. Қоғамды қайта құру (бірігу, қайта қосылу, бөліну, бөлу, қайта жасау) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

25.1.2. Қайта құрылған Қоғамның мүліктік құқығы мен міндеттері жаңадан құрылған заңды тұлғаға өтеді: бірігу, қосылу және қайта жасау кезінде – бөлу баланстарына сәйкес – бөліну және бөлу кезінде табыстау актісіне сәйкес – қайта қосылу және қайта жасау, бірігу кезінде.

Табыстау актісі мен бөлу балансы қайта құрылған Қоғамның, оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне, дауласатын жағынан міндеттемелері енгізілген барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мираскорлық туралы ережені қамтамасыз ету қажет.

25.1.3. Табыстау актісі мен бөлу балансы акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі және жаңадан туындаған заңды тұлғалар немесе құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу бойынша қайтадан туындаған мемлекеттік тіркеу үшін құрылтай құжаттарымен бірге ұсынылады.

25.1.4. Қоғам қайта туындаған ұйымның (ұйымдар) мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап қайта құрылған болып саналады.

25.1.4. Қоғам басқа ұйымның оған қосылу жолымен қайта құрылған кезде Қоғам біріккен ұйымның қызметін тоқтату туралы жазбалар заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген сәттен бастап қайта құрылған болып саналады.

25.1.5. Жарғыны бекіту және жаңа Қоғамның органын сайлау жаңадан туындаған Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

25.2. Қоғамды тарату

25.2.1. Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тарату рәсімін айқындайтын акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша өз еркімен, соттың шешімі бойынша қызметін тоқтату жағдайында (банкротқа ұшырау, Қоғамның тіркелімін жарамсыз деп тану) – сотпен тағайындалған тарату комиссиясымен тоқтатылады. Бес және одан аса пайыздық акцияларға ие акционерлер тарату комиссиясында өзінің өкілін алуға құқы бар.

25.2.2. Тарату комиссиясы активтерді бағалайды, дебиторлар мен кредиторларды анықтайды және олармен есеп айырысады, тарату балансын құрайды және оны акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге ұсынады.

25.2.3. Тарату комиссиясы Қоғамның қызметін аяқтау үшін қажетті мәмілелер жасауға құқы бар.

25.2.4. Таратылатын Қоғамның білім алушыларына басқа білім ұйымдарында оқу жылын аяқтау үшін шаралар қабылдауға міндетті.

25.2.5. Акционерлер кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Қоғамның мүлкіне құқық меншігін сақтайды. Таратылатын Қоғамның мүлкі «Акционерлік қоғам» туралы Қазақстан Республикасының заңында карастырылған тәртіпте акционерлер арасында тарату комиссиясымен бөлінеді.

25.2.6. Тарату Қазақстан Республикасының заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінде жазба енгізілген сәттен бастап аяқталған болып саналады.

26-бап

Қорытынды ережелер

26.1. Қоғам Жарғысының баптарымен реттелмеген мәселелер мен ережелер «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003 ж. № 415-П ҚР Заңына сәйкес шешіледі.

26.2. Акционерлер жиналысының шешімімен (12.04.2018 ж. №40 хаттама) бекітілген «Алматы энергетика және байланыс институты» КеАҚ Жарғысы күшін жойды деп танылсын.

Ректор



С. Сагинтаева

решением общего собрания акционеров
от «26» августа 2019 года
протокол №43

УСТАВ

**НЕКОММЕРЧЕСКОГО
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**

ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ ИМЕНИ ГУМАРБЕКА ДАУКЕЕВА»

АЛМАТЫ 2019

АЛМАТЫ 2019